# ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

AUEZOV
UNIVERSITY
1943

Әнуарбек Қажыкелді Бақытжанұлы
Тобы ЮМ 16-1к3



# Қылмыстық істің басты сот талқылауында қаралу мәселелері және олардың шешілу  жолдары

## Басты сот талқылауы

қылмыстық процестің ең негізгі шешуі сатысы болып табылады. Осы кезде сот тараптардың бәсекелестігі принципін басшылыққа ала отырып қылмыстық істі толық, объективті түрде жан-жақты карастыру арқылы айыпталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі жөнінде нақты шешімге келеді. Яғни, тек осы саты ғана қылмыстық іс бойынша сот төрелігін жүзеге асырады.

**Басты сот талқылауы-**

**өзгеше процессуалдық жағдайда жүргізілетін, істің дұрыс шешілуі үшін барлық жағдайларда жеке өзі қарастыратын жаңаша зерделеу. Басты сот  талқылауында істі дұрыс шешу мақсатында алдын ала тергеу  органдары мен жиналған дәлелдемелер сот пен және іске қатысушы тұлғалар мен жариялылық, тікелей, ауызша түрде сот процессінде жеке зерттеліп жүргізіледі және осыған орай қылмыстық ізге түсу органдарының қорытындыларының негізділігі мен заңдылығы тексеріледі.**

# Сот талқылауына дайындық бөлімі келесі әрекеттерді жүзеге асырады:

- басты сот талқылауының  ашылуы;
- басты сот талқылауына шақырылған адамдардың келуін тексеру;
- аудармашыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру мен одан бас тарту туралы мәселені шешу;
- куәларды сот отырысы залынан шағару;
- сотталушының жеке басын және оған айыптау қорытындысы көшірмесінің уақтылы тапсырылғанын анықтау;
- сот құрамын, процеске басқа қатысушыларды жариялау;
- бас тартуды шешу тәртібі;
- сотталушыға оның құқықтарын түсіндіру;
- жәбірленушіге, жеке айыптаушыға, азаматтық талапкерге және азаматтық жауапкерге олардың құқықтарын түсіндіру;
- сарапшыға оның құқықтары мен міндеттерін түсінліру;
- маманға оның құқықтары міндеттерін түсіндіру;
- өтініштерді мәлімдеу және шешу;
- іске қатысушы адамдардың бірі болмаған кезде істі тыңдау мүмкіндігі туралы мәселені шешу;

**ҚР-ның ҚПК-нің 271-бабына сәйкес іс бойынша сараптама тағайындау міндетті, егер іс бойынша:**

1) өлімнің себептерін, денсаулыққа келтірілген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін;

2) іс үшін маңызды болып бірақ жасы туралы құжаттар болмағанда немесе күмән туғызғанда сезіктінің, айыпталушының, жәбірлеушінің жасын;

3) ақыл есінің дұрыстығы немес қылмыстық іс жүргізуде өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау қабылеті жөнінде күмән туғанда сезіктінің, айыпталушының психикалық немесе тәнінің жай күйін;

3-1) ҚР-ның ҚК-де өлім жазасы түріндегі жаза көзделген қылмысты жасаған айыпталушының  психикалық жай күйін;

4) іс үшін маңызы бар жағдайларды дұрыс қабылдау және олар бойынша айғақтар беру қабылетіне күмән туған жағдайда, жәбірленушінің, куәнің психикалық немесе тәнінің жай-күйін анықтау қажет болғанда;

5) тағайындау мен  сараптама тағайындау тәртібі бойынша соттың әрекеті сотқа дейінгі іс жүргізуде бұл тергеу әрекеті жүргізілген деген анықтау болып табылады.

# Сот жарыссөзі (ҚР-нын ҚПК-нің 383-бабы)

сот тергеуінің, айыптаудың және қорғаушының сөздерінен тұратын бөлігі, онда алдын ала тергеу және сот тергеуінің қорытындысы шығарылып, дәлелденген істер сарапталнып, сотталушының айыпты не айыпсыз екендігі жөнінде пікірлерін айтады. Берілген жаза басқа да сұрақтар жөнінде соттың қаулысы мен шешім қабылданады.

# Айыптау үкімі:

- сотталушы өтеуге тиіс қылмыстық жаза тағайындала отырып;
- адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып;
- қылмыстық жаза тағайындала және оны өтеуден босата отырып;
- қылмыстық жаза тағайындалмай;
- қылмыстық жазаны өтеу кейінгем қалдырыла отырып шығарылады.

# Ақтау үкімі:

- **қылмыс оқиғасы болмаса;**
- **сотталушының әрекетінде қылмыс құрамы болмаса;**
- **қылмыс жасауға сотталушының қатысуы дәлелденбесе, ақтау үкімі шығарылады.**

Тыңдағаныңыз үшін рахмет!